

«Жасұлан»бөбекжайы»КМҚК балабақшасы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау туралы талдамалық анықтама (2025 жылдың 27 ақпан- 15 мамыр аралығында)

15 мамыр 2025 жыл

«Жасұлан»бөбекжайы»КМҚК балабақшасы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмысын жүргізу үшін жұмыс тобы құрылды, бұйрық шығарылды. Ішкі талдау тобына кәсіподақ төрайымы З.М.Абильжанова, балабақша әдіскері Н.С.Емышева, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің төрайымы М.К.Касымова қатысты, шаруашылық меңгерушісі А.Хамзина, ата-аналар комитетінің төрайымы А.Советханова қатысты.

1. Мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік -құқықтық актілерді және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Балабақша қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілер тексерілді. Анықталғаны: сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болған жоқ. Балабақша бойынша жеке және негізгі бұйрықтар шығарылған. Жеке бұйрықтарға міндет жүктеу, іс-сапар, ауысу, жұмысқа қабылдау және шығу т.б. жатады. Жеке құрам бойынша бұйрықтардың барлығында жұмысшылардың танысқаны туралы қолдары қойылған.

Мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралардың кешенді жоспары құрылып бекітілді, құжаттары жинақталды. Сонымен қатар, балабақша бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен педагогтар құрамы жиналыста таныстырылған.

ҚР № 2007 жылдың 27 шілдедегі №319 «Білім туралы»Заңының 63 бабының 2 тармақшасына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Заңын» басшылыққа ала отырып балабақшада ақша жинауға тыйым салу туралы бұйрық шығарылып, педагогтар таныстырылған.Балабақшада ақша жинау және сыйлықтар алу фактілерін болдырмауды қадағалау үшін комиссия құрылған. Комиссия құрамына балабақша әдіскері Н.С.Емышева, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің төрайымы М.К.Касымова, шаруашылық меңгерушісі А.Хамзина, ата-аналар комитетінің төрайымы А.Советханова, кәсіподақ ұйымының төрайымы З.М.Абильжанова.

2. Материалдық құндылықтардың сақталуының мониторингі

Білім беру мекемесінің тиімді қызмет етуінің шарттарының бірі – материалдық-техникалық базасы. Балабақшада ҰІӘ ұйымдастыруға барлық жағдай жасалған. Білім беру мекемесінің негізгі міндеті – әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруды қамтамасыз ету.

Балабақша 1990 жылы салынған типтік ғимаратта орналасқан, екі қабатты, цементтік блоктан салынған, жалпы көлемі -1207,8; бөлмелердің саны -64,шатыры металл профилдан жабылған. Жобалық сыйымдылығы – 150 орын. Қоршалған әр топқа арналған ойын алаңы, балабақша алаңы бар. Ток жүйесі ТЭН қазандығымен жылытылады. Орталық су құбыры бар.

Балабақшада жас ерекшелігіне сай 6 –топ. Оның ішінде 1-ойын бөлмесі,1-жатын бөлмесі,1-шешінетін бөлмесі,1-әжетхана бөлмесі орналасқан, 1- ән-күй залы, 2 -медбике кабинеті, 1 -психолог кабинеті, 1-ас дайындайтын бөлме, 1-әдіскер-логопед, 1-меңгеруші, 1-есепші, 1-кір үтіктеуші, 1-кір жуатын,1-әжетхана, 1- күзетші отыратын бөлмелер бар.

Бірінші қабатта: 2–топ оның ішінде 1-ойын бөлмесі,1-жатын бөлмесі,1-шешінетін бөлмесі,1-әжетхана бөлмесі бар.

1- ән-күй залы, 2 -медбике кабинеті, 1-ас дайындайтын бөлме,

2- 1-меңгеруші, 1-есепші, 1-кір үтіктеуші, 1-кір жуатын, 1-әжетхана, 1-күзетші отыратын бөлмелер орналасқан.

Балабақшада керекті материалдық – техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Кір жуу бөлмесі бөлек, 3-кір жуғыш машинасымен қамтылған, ас дайындайтын бөлмеде материалдық – техникалық жабдықтармен толық қамтылған, бөлек кір үтіктейтін бөлмесі бар ол жерде кір үтіктейтін 2-үстел, 2-үтік, таза кірлерді орналастыратын 4-шкаф, 1-іс машинамен қамтылған.

Тәрбиеленушілердің бөлмелерінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес жиһаздарымен толық жабдықталмаған.

Екінші қабатта:жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушілерге арналған 4- топ, 1 -психолог, 1-әдіскер-логопед,бөлмелері бар.

2024 жылы тәрбиеленушілерге арналған 42-үстел,175-орындық, екі қабатты 48-төсек, 300-көрпе, 300-төсек жаймалары, 150-төсек жапқыштары, 150-жастық, 300-сүлгілер, 1-автомат кір машина, 2-жартылай автомат кір машина, тәрбиеленушілерге ҰІӘ арналған кеңсе тауарлары, дамытушы ортаға арнайы әр түрлі ойыншықтар, дене шынықтыру ҰІӘ арнайы спорттық жабдықтар мемлекеттік сатып алумен алынған.

Әр ойын жатын бөлмелерде жүктелген материалдық құндылығы бар заттардың тізімі жасакталған.

Мемлекеттік стандартын орындалуы туралы.

Балабақша бойынша әр тоқсанның соңында педагогикалық кенесте мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуы каралды. Оқу жоспарына сай барлық ҰІӨ өткізілді. Мереке күндеріне арнайы ертеңгіліктер өткізілді.

Жаз айларында мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуы каралды. Оқу жоспарына сай жазғы сауықтыру кезеңі жоспар бойынша өткізілді. Маусым айында ағымдағы жөндеу жұмысы болғандықтан маусым айында балалар балабақшаға қабалданған жоқ.

Объектілерді терроризмге қарсы қорғау жағдайын бақылау

2025 жылы объектілерді терроризмге қарсы қорғау жағдайын бақылау саласындағы инспекция тексерісі болды. Бейнекамераға қызмет көрсету үшін ИП Сауркенов 2025 жылғы 20 қаңтар күні келісім шарт жасалды. Балабақшада 37 бейнебақылау камералар бар, оның 9- сыртқы, 24-ғимараттың ішінде: бірінші қабатта 14-камера орнатылған. Әр топта бейне жазба дауысымен камералар орнатылған, ойын бөлмесінде-1, жатын бөлмеде -1, шешінетін бөлмесінде-1, ән-күй залда -2, ас дайындайтын бөлмеде -1, дәлізде-4, екінші қабатқа шығатын баспалдақтарда- 2 камера бар. Балабақшада барлық бейнебақылау камералар бір айлық жазбасымен сақталады.

Күзетшілер бөлмесінде және меңгеруші кабинетінде бейнебақылау камераларын қадағалап отыратын монитор орнатылған.

Балабақша қауіпсіздігін ұйымдастыру

Мекемеде QR коды және балабақша сайтында мекен-жайы жазылған арнайы тақта бар. Қауіпсіз ортаны құру үшін өрт сөндіргіштермен толық жабдықталған. Автоматты өрт дабылы . Апаттық шығулар жұмыс күйінде.

2024 жылғы 18 наурыз – 20 наурыз аралығында төтенше жағдайлар бөлімі тексеріс өткізді.

Ескертулер жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету құжаттардың тексеру

Қазақстан Республикасы 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңы бойынша іске асырылуда. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттың 69 түрі бар. Соның ішінде стандарт балабақшада жүзеге асырылады.

Олар: «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау»,

«Аз қамтылған және көп балалы от басылардағы балаларды тегін тамактануға құжаттарды қабылдау».
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау». 2025 жылдың ақпан-маусым айларында мемлекеттік қызмет көрсету стандартты бойынша өтініштер қабылданды.

Санитарлық-эпидемиологиялық тексеріс бойынша сараптама нәтижелері

№59 2025 жылы 28 сәуірде тексерілді.

Үлгі алынған орын: асхана шүмегінен (с крана пищеблока)

Зерттеу мақсаты: келісімшарт бойынша.

Іріктелген күні мен уақыты: 28.04.2025ж 11-55сағ.

Жеткізілген күні мен уақыты: 28.04.2025 14-00 сағ

Мөлшері 0,5л

-Нормативтік көрсеткіштер артық емес -2

Анықталған концентр иісі 20градус кезінде баллдары -1

-артық емес 2

Дәмі 20 градус кезінде баллдары -1

-Артық емес 20

-Түстілігі градустар -16

Артық емес 1,5

-Лайлылығы стандарттық шкала бойынша 1,2

Балабақшада ауыз су режимі ұйымдастырылған. Санитарлық нормаға сай.

Тарбағатай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының 2025 жылға ас дайындайтын бөлмесі санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сай деген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы шықты.

Жеке құрам бойынша бұйрықтарын тексеру анықтамасы

Педагогтардың сапалық құрамы

Балабақшада 14- тәрбиеші, 9- педагог жұмыс жасайды. Барлығы 23 педагог.

Білімі бойынша:

Жоғары білімі бар 12-педагог

Арнайы орта білімі бар -11 педагог

Біліктілік санаттары бойынша:

Ескі форматтағы 1- санатты педагогтар-4

Педагог- сарапшы-1

Педагог- модератор-9

Санатсыз-9

Ұсыныс:

Тәрбиеленушілердің бөлмелеріне мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес жиһаздарымен толық жабдыкталуға аудандық білім бөліміне сұраныс жасау.

Жеке құрам бойынша ескі форматтағы 1- санатты 4-және санатсыз-9 педагогтарды жаңа форматтағы аттестаттаудан өтуге жұмыс жасалсын.

Комиссия төрайымы:



Н.С.Емышева

Комиссия мүшелері:

педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің төрайымы :



М.К.Касымова

шаруашылық меңгерушісі :



А.Хамзина

ата-аналар комитетінің төрайымы :




А.Советханова

кәсіподақ ұйымының төрайымы:



З.Абильжанова

хатшы :



А.Турсынбаева

«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК меңгерушісі:



Э.Темирбаева

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің «Жол картасы 2020» бағдарламасына сәйкес:



Темирбаева Э.К.